

"2010-2012 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 23 желтоқсандағы кезекті XVIII сессиясының N 201 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2010 жылғы 07 желтоқсандағы N 273 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Сырдария ауданының әділет басқармасында 2010 жылы 10 желтоқсанда N 10-8-134 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2011 жылғы 15 шілдедегі N 330 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2011.07.15 N 330 шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабын және Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 04 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексін басшылыққа ала отырып аудандық мәслихат

ШЕШЕМІЗ:

1. "2010-2012 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 23 желтоқсандағы кезекті XVIII сессиясының N 201 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік Тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 29 желтоқсанда мемлекеттік тіркеу N 10-8-106, 2010 жылғы 16 қаңтарда "Тіршілік тынысы" газетінің N 4 санында жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 - тармақтағы:

1-қосымша жаңа редакцияда жазылсын (коса тіркелді);

1) тармақшадағы:

"3 671 069 " саны "3 676 475" санымен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы:

"3 900 107" саны "3 905 513" санымен ауыстырылсын.

2. Осы шешім 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың кезекті тыс
XXVII сессиясының төрағасы,
аудандық мәслихаттың хатшысы А. Атақәев

